

8. Ақырын жүріп, анық бас. Еңбегің кетпес далаға.
..... (Үстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға.)
9. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
..... (Ол - ақынның білімсіз бейшарасы.)
10. Толғауы тоқсан қызыл тіл,
..... (Сөйлеймін десен өзін біл.)
11. Еңбек етсең ерінбей,
..... (Тояды қарның тіленбей.)

7. Әсем әуен (караоке) Слайд видео.

«Көзімнің қарасы» ән

Жүргізуши: Абай өлеңдері - құты қашпас қазына, аудармасы - осының айғағы, жақсы аударма халық пен халықты жақындастырады, ұлт пен ұлтты бауырластырады. Абай ақындықты ерекше жоғары бағалап, қадір тұтқан. Ақын жастардың оку оқып, білім алып немесе белгілі бір өнер үйреніп, халықка пайдасын тигізетін азамат болуын аңсаған ақын.

Уақыт бөліп келгендеріңізге рахмет. Сау болыңыздар!

Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге,

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін
Жок-барды, ертегіні көрмек үшін ,
Көкірегі сезімді, ойы орамды.
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,

Жасымда ғылым бар дер ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім

Сенбе жұртқа, тұrsa да қанша мактап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап,
Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтан,

Әсемпаз болма әрнеге
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар, қалан

4.Ойын: «Сымсыз телефон»

Шарты: Айтылған сөзді бір-біріне бұзбай жалғастыру керек.

5.Абайдың қара сөздері (мағынасын түсіну) Слайд видео

6.Асыл сөз елге мұра.

- 1.Жұмысы жоқтық
Тамағы тоқтық ----- (Аздыrap адам баласын)
- 2.Үш - ак нәрсе адамның қасиеті
----- (Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек)
- 3.Қайратсыз ашу – тұл
Тұrlаусыз ғашық – тұл ----- (Шәкіртсіз ғалым - тұл)
- 4.Досы жоқпен сырлас
----- (Досы көппен сыйлас)
- 5.Өмірдің алды – ыстық, арты – сұық,
----- (Алда – ойын, артқы жағы мұнға жуық)
- 6.Ақылмен ойлап білген сөз
Бойына жүқпай сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
----- (Бір тамырды қуалар)
7. Өткірдің жүзі,
Кастаңған бізі

Тақырыбы: «Абай дана, Абай дара қазақта!»

МАҚСАТЫ: Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айту . Сөз өнерінің қыр – сырымен танысу. Көркем сөйлеуге , шығармашылықпен жұмыс істеу.

Жүргізуши: Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.

Ол бірақ қайтіп келіп ойнап – құлмес.

Мені мен, менікінің айырылғанын,

“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырган,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырган.

Өлді деуге сия ма, айтындаршы.

Өлмейтұғын артына сөз қалдырган – дегендей бүгін біз артында өлмейтұғын сөз қалдырган ұлы ақын Абай Құнанбайұлы туралы сөз қозгамақпыш.

Жүргүп барысы:

1. Амандасу
2. Абайды таны (сұрақ-жауап).
3. Өлең сөздің патшасы.
4. Ойын: «Сымсыз телефон»
5. Абайдың қара сөздері (мағынасын түсіну)
6. Асыл сөз елге мұра.
7. Абай әндері (караоке)

1. Амандасу.

Педагогтар бір -бірімен қимыл арқыла амандасады. Мысалы: Қолын былғайды, құшақтайды, т.б

2. Абайды таны (сұрақ-жауап).

1. Абай Құнанбайұлы қай жылы дүниеге келді? 1845ж
2. Абайдың мұражайы қай жерде? Семейде
3. Абай ең алғаш дәріс алған татар молдасы? Фабитхан
4. Абайдың жолын қуған ұлдары? Әбдірахман, Мағауия.
5. Биыл Абайдың неше жылдығы тойланады? 177ж.
6. Абайдың қанша әні бар? 20 шақты
7. Абай кімдердің шығармаларын аударды? А.С.Пушкин Е.Онегин И.А Крылов М.ЮЛермонтов
8. Абайдың руы. Тобықты
9. Абай жақсы көрген ұлттық ойын. Тоғызқұмалақ.
10. Абайдың табиғат тақырыбындағы тұнғыш өлеңі? Жаз
11. Абай ел билеу ісіне неше жасынан бастап араласты? 13
12. Ақын неше жыл өмір сүрген? 59:
13. Абай Семейде 3 ай қандай мектепте оқыды? Приходьская школа
14. Абай ақындық жолға қай жылы біржола бет бүрады? 1886
15. «Абай – қазактың бас ақыны» деген кім? А. Байтұрсынов
- 16.. Абайдың әйелі Әйгерімнің шын есімі? Шүкіман
17. Абай қай жылы қайтыс болды? 1904ж.

3. Өлең сөздің патшасы.

Өлеңнің екі жолы айтылады, қалған жолдарын жалғастырады.

Ғылым таппай мақтанба,